

Мухамадиева Г.Н.,  
Баяндина М.О.

**Қылмыстық іс жүргізудегі жеке  
басқа қол сұғылмаушылық  
қағидасының жүзеге асырылу  
кепілдіктері**

Mukhamadyeva G.N.,  
Bayandina M.O.

**Guarantee the implementation  
of the principle of inviolability  
of the individual in criminal  
proceedings**

Мухамадиева Г.Н.,  
Баяндина М.О.

**Гарантии реализации принципа  
неприкосновенности личности  
в уголовном процессе**

Мақалада Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізудің негізін қалаушы және басқарушы негіз ретінде адамның жеке басына қол сұғылмаушылық қағидасының құқықтық табиғаты қарастырылады. Қылмыстық іс жүргізудегі адамның жеке басына тиіспеушіліктің құқықтық режимін анықтаушы заңды әрі қарай жетілдіру қажеттігі өзектеледі. Жеке басқа қол сұғылмаушылық қағидасының жүзеге асырылуының кепілдіктеріне құқықтық талдау жасалған.

**Түйін сөздер:** жеке басқа қол сұғылмаушылық қағидасы, қылмыстық іс жүргізу, сезіктіні ұстау, мәжбүрлеу шаралары.

The article examines the legal nature of the principle of inviolability of the person as a fundamental guideline and start the criminal process of the Republic of Kazakhstan. Actualized need for further improvement of legislation defining the legal regime of personal immunity in criminal proceedings. An analysis of the legal guarantee of the principle of inviolability of the person.

**Key words:** the principle of inviolability of the person, criminal procedure, guarantee the detention of the suspect, coercive measures.

В статье рассматривается правовая природа принципа неприкосновенности личности как основополагающего и руководящего начала всего уголовного процесса Республики Казахстан. Актуализируется необходимость дальнейшего совершенствования законодательства, определяющего правовой режим неприкосновенности личности в уголовном процессе. Проведен правовой анализ гарантий реализации принципа неприкосновенности личности.

**Ключевые слова:** принцип неприкосновенности личности, уголовный процесс, гарантии, задержание подозреваемого, меры принуждения.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ  
ЖЕКЕ БАСҚА ҚОЛ  
СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚ  
ҚАҒИДАСЫНЫҢ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ  
КЕПІЛДІКТЕРІ**

Жеке бастың бостандығы адамзат прогресінің өлшеміндей қызмет ететін ең жоғары әлеуметтік құндылық пен принцип ретінде қарастырылуы тиіс» [1, 72].

Жеке адамның бостандығын шектеудің мәселесі ол қылмыстық сот өндірісінің қатысушысы болғанда және процессуалдық мәжбүрлеудің нормативтік ережелерімен көрсетілген шектеулердің әрекетіне душар болғанда көңіл аудартатын мәселеге айналады. Сондықтан дәл осы жерде заң шығарушы қылмыстық сот өндірісінің аясына түскен жеке адамға оның мәртебесі процессуалдық құқық нормаларымен шектелгеніне қарамастан «қажетті» және «мызғымайтын» бостандықтың берілуіне әсер ететін бірнеше нық кепілдіктерді қалыптастырады. Осылайша, мысалы ҚР-ның Конституциясында адамның жеке басына қол сұғылмаушылық, қамауды және ұстауды қолдану барысында, құқықтық кепілдіктермен қорғалады.

Осылайша, қылмыстық іс жүргізуде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында тұлғаның бостандығына қол сұқпаушылықтың 16-бапқа сәйкес конституциялық кепілдіктері болып:

- заңда көрсетілген реттерде ғана және тек соттың санкциясымен (тұтқындауға және қамауда ұстауға) (16-бап 2-бөлік);
- шағымдануға құқық (16-бап 2-бөлік);
- 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстау (прокурордың санкциясынсыз) (16-бап 2-бөлік);
- қорғаушыға құқық (ұсталған, қамауға алынған кезден бастап) (16-бап 3-бөлік) табылады [2].

Бұл кепілдіктер ҚР-ның ҚІЖК-нің 14-бабына сәйкес өзге де кепілдіктермен толықтырылады [3].

Бүгінгі күнде қылмыстық процесте тұлғаны, оның конституциялық және процессуалдық бостандықтарына қол сұқпаушылықты қорғау Қазақстан Республикасында конституциялық заңдылықты сақтау дәрежесіне көтерілген мемлекеттік қажеттілік мәселесі болып табылады.

Осыған байланысты Р.Т. Шуменованың «...қылмыстық-процессуалдық құқықтың барлық жүйесі процессуалдық кепілдіктер ретінде жүреді...» [4, 119] деген пікірін келтіруге болады. Осы айтылғанға қатысты бұл жалпыланған кате-

гория деп айта кеткенді жөн көрдік, өйткені дағдылы процессуалдық әрекеттердің тәртібін анықтаушы нормалар да бар.

ҚР-ның Қылмыстық істер жүргізу кодексі жеке басына қол сұғылмаушылық принципке көтереді, негізгі бастамалардың әртүрлі жағын нақтылаушы және талдаушы ҚІЖК-нің басқа нормалары және басқа да нормативтік құқықтық актілер арқылы бұл принцип жүзеге асырылуы тиіс. ҚІЖК-де жеке басына қол сұғылмаушылық принципінің жүзеге асырылуы, осылайша, ҚР-ның Конституциясымен кепілденеді.

Өз еңбегінде Р.Т. Шуменова қылмыстық процесс принциптерінің кепілдіктеріне екпін жасап, олардың құрылымын анықтайды:

1. Принциптердің жүзеге асырылуының құқықтық базасын орналастырушы негізгі ережелердің ҚР-ның Конституциясында бекітілуі;

2. Қылмыстық сот өндірісінің барлық стадияларында принциптердің жүзеге асырылуының процедурасын анықтаушы ережелердің қылмыстық-процессуалдық заңда талдануы;

3. Процессуалдық қылмыстық-құқықтық институттар;

4. Қылмыстық-процессуалдық нормалар [4, 119 б.].

Принциптердің жүзеге асырылуының процессуалдық кепілдігі болып, осы автордың тұжырымы бойынша, қылмыстық-процессуалдық әсер етудің типті қасиеті, қылмыстық сот өндірісінің міндеттеріне қылмыстық процестің қатысушыларының тәртібін сәйкестендіруді қамтамасыз етуші қылмыстық істі қозғаудың, тергеудің және шешудің ерекше процессуалдық процедурасы табылады» [4, 114 б.].

Қылмыстық-процессуалдық қарым-қатынастарға талдау жасай отырып, Л.Д. Кокорев пен В.Д. Лукашевичтің «қылмыстық сот өндірісінде тұлғаның кейбір субъективтік құқықтары – ол басқа субъективтік құқықтардың кепілдігі» [5, 74 б.] дегені және тұлғаның құқықтарының кепілдіктері туралы мәселелердің зерттелуі тек айыпталушыға ғана қатысты емес ол өзінің құқықтары мен мүдделерін қылмыстық сот өндірісінде қорғаушы, істің барысына жеке мүдделі қылмыстық процестің барлық қатысушыларына қатысты деп көрсеткені [5, 109 б.] орынды. Мысалы, анықтаушының анықтау органының бастығының әрекетіне шағымдану құқығы сезіктінің, айыпталушының қол сұқпаушылыққа құқығының жүзеге асырылуының кепілдігі болады.

Бұл авторлар процессуалдық кепілдіктерге қылмыстық сот өндірісінің принциптерін де

жатқызады. Осы мәселені ашып алу қажет, өйткені Р.Т. Шуменова принциптер мен кепілдіктер әр түрлі мағынада деп көрсеткен. Принциптер және кепілдіктер – оларшындығында әртүрлі құқықтық категориялар. Кепілдіктер – қамтамасыз ету құралдары; ал принциптер – негізін қалаушы, бастама болушы құқықтық негіздер. Десе де, кейбір жағдайларда, принциптер шын мәнінде гаранттардың рөлінде жүреді. Мысалы, заңдылық принципі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуының және жүзеге асырылуының гаранты рөлінде.

Қылмыстық процестің принциптерінің кепілдіктері аталып, әр түрлі авторлармен әр түрлі тізімдері беріледі. И.Л. Петрухин үш аспектіні көрсетеді:

– ұстау және қамау заңдылығын соттың бақылауы;

– тұлғаның негізгі құқықтарын қорғаудың әдісі ретінде дәлелдемелердің іске жіберілу институты;

– тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарының шектелуінің рұқсат етілген шегі [6, 60 б.].

Процессуалдық кепілдіктер нақты қылмыстық-процессуалдық заңдар да және халықаралық құжаттарда да аталмаған, сондықтан бұл ғылым термині болғандықтан ол туралы ғалымдар әртүрлі интерпретация (түсіндірме) береді. Көптеген процессуалист ғалымдар кепілдіктерді процестің қатысушыларының құқықтарын және қылмыстық сот өндірісінің міндеттерін қамтамасыз етуші амалдар деп санайды. Солардың ішінде М.С. Строгович процессуалдық кепілдіктер деп қылмыстық процеске қатысушы азаматтар солар арқылы өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын заңмен бекітілген амалдарды көрсетеді [7, 56 б.]; П.А. Лупинская процессуалдық-құқықтық кепілдіктер – ол қылмыстық-процессуалдық қызметтің барлық субъектілерінің міндеттерін орындауын және берілген құқықтарын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуші құқықтың нормаларында бекітілген құқықтық амалдар деген [8, 64 б.]; К.Ф. Гуценко қылмыстық сот өндірісінің міндеттерін жүзеге асыру, және ең бірінші орында қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін қылмыстық-процессуалдық нормалармен бекітілген амалдар деп көрсеткен [9, 22 б.].

Мұндай анықтама қазақстандық процессуалистердің арасында да қолдау тапқан. Осылайша, Е.Е. Ерешев «процессуалдық кепілдіктер –

қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін және іске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің заңмен белгіленген құқықтық амалдары» деп көрсетеді [10, 17-18 бб.];

Кейбір ғалымдар бұл анықтамалармен келісе отырып, қылмыстық қудалауды жүргізуші адамдардың қызметтерін, міндеттерін қосады, солардың ішінде Е.Г. Мартынчик құқықтық нормаларда бекітілген, солардың көмегімен сот өндірісінің барлық стадияларында айыпталушы өзіне берілген субъективтік құқықтарды жүзеге асыратын және заңды мүдделерін қорғайтын, өзінің құқықтарына қысым келтіруші және құқықтардың кепілдіктерінің жүзеге асырылуына кедергі келтіруші актілердің жойылуына заңмен бекітілген шараларды қабылдайтын амалдар, сондай-ақ заңға негізделген айыпталушының құқықтарын қамтамасыз ету бойынша соттың, прокурордың, тергеушінің және қорғаушының қызметі деген [11, 69 б.]. В.З. Лукашевич процессуалдық кепілдіктер деп 1) айыпталушының заңды мүдделерін қорғауға, өздерінің құқықтарын әрекетті жүзеге асыруын қамтамасыз етуге және түсіндіруге бағытталған заңда бекітілген анықтау, тергеу, прокуратура органдарының міндетін; 2) оған бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің, лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселені қоюдың фактілі мүмкіндігін беретін заңда бекітілген амалдарын; 3) қорғаушының қызметін көрсетеді [12, 3 б.].

Келесі процессуалистердің тобы құқық ретінде, солардың ішінде Э.Ф. Куцова айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері болып соттың, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының тиісті міндеттері, сондай-ақ қорғаушының құқықтары мен міндеттері; қылмыстық істегі қоғамдық өкілдердің тиісті құқықтары деп қарастырған [13, 127-128 бб.]. Кепілдіктерді құқық ретінде қарастыру, біздің ойымызша, осы салаға түскен адамдарға еш көмек бере алмайды, өйткені бізге қажеті, осы құқықтардың жүзеге асырылуы.

Б.Х. Төлеубекова «кепілдіктер сақталуы іске қатысушы адамдардың заңмен бекітілген құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін ерекше құқықтық шарттар ретінде жүреді» [14, 193 б.] деген;

Қылмыстық кодекстің қылмыстық-құқықтық нормалары; азаматтық-құқықтық; тәртіптік – прокурордың тәртіптік өндірісінің нұсқаулары, соттың жеке қаулылары; қылмыстық-процессуалдық – қылмыстық істерді қайта тергеуге

жіберу, процессуалдық мәжбүрлеу шараларымен және т.б. байланысты заңсыз және негізсіз шешімдерді жою немесе өзгерту [15, 15 б.].

К.Ж. Капсалимов қылмыстық-процессуалдық кепілдіктер қылмыстық-процессуалдық заң нормаларымен көрсетілген қылмыстық сот өндірісінде адамның құқықтарын күзету, сондай-ақ оның міндеттері мен мақсаттарына тиімді жету амалдарының жүйесі деген анықтамамен [16, 3-6 бб.] келісіп, процессуалдық кепілдіктер жүйесіне мыналарды жатқызады:

- қылмыстық сот өндірісінің принциптері;
- қылмыстық-процессуалдық нысан және процессуалдық шешімдерді негіздеу;
- норманы қолданудың процессуалдық тәртібі;
- сотқа шағымдану құқығы;
- прокурорлық қадағалау;
- сот бақылауы;
- қылмыстық-процессуалдық қызметті жүзеге асырушы лауазымды адамдардың заңсыз және негізсіз шешімдерімен азаматқа келтірілген зиянның орнын толтыру және ақтау [16, 39 б.].

Д.Қ. Канафин өзінің монографиясында «амалдар» терминінің қолданылуы кепілдіктер қатарына қылмыстық-процессуалдық элементтердің дәлелсіз кең тізімін кіргізуге мүмкіндік береді, ең ақырында бұл осы заң категориясының ақиқатты мазмұнын жояды және процессуалдық кепілдіктердің құқықтарды қамтамасыз ету немесе мақсаттарға жету амалдары ретінде дефинициялануы осы амалдардың мәнінің нақтылануын және түсіндірілуін қажет етеді, өйткені бұл кепілдіктердің пайда болуы және оның кепілдеуші әрекеті қалайша жүзеге асырылатыны кейде белгісіз деп көрсеткен.

Д.Қ. Канафин процессуалдық кепілдіктерді арнайы құқықтық шарттар ретінде қарастыру бұл анықтаманың әртүрлі түсінілуіне әкеп соғады деп тоқталған. Дефиницияда көрсетілген шарттар деп заң талаптарын түсінсек, онда ол процессуалдық кепілдіктерді құқық нормалары ретінде қарастырушы көзқарастармен үндес, ал егер бұл шарттар іс бойынша өндіріс барысында ескерілетін және ең соңында тұлғаның құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеін объективті мән-жайлар болып саналса, оның анығырақ түсіндірілуі қажет деп келісуге болады дейді.

Сондай-ақ осы автор А.Н. Ахпанов пен К.Ж. Капсалимовтың берген процессуалдық кепілдіктерінің мәні аса кең болуы себепті олардың ақиқатты мазмұны мен әрекетінің принциптерін жеткілікті нақты көрсетпейді деп тоқталған.

Осылайша, процессуалдық кепілдіктерді ол құқықтардың фактілі қолданылуын және тиісті міндеттердің атқарылуын қамтамасыз етудің ерекше түрде жүзеге асырылатын әдістері мен тәсілдерінің, құралдары мен амалдарының жиынтығы, құқықтар мен міндеттердің өзі емес деп қарастырған [17, 14-23 бб.].

Жоғарыдағы анықтамалардан әр ғалым қылмыстық процесс аясына түскен адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуінің жолдарын іздегенін көреміз.

Қазақстандық қылмыстық процестің негізгі буыны ретінде кепілдіктердің жүйесін, олардың қылмыстық сот өндірісі аясына түскен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің жүзеге асырылуындағы ролін анықтай отырып, біз құқықтық кепілдіктер деп – құқықтың нормалары мен принциптерінің жүзеге асырылуының негізгі құқықтық құралын айта аламыз. Қылмыстық өндірістің институттарының ерекшеліктеріне байланысты, көрсетілген кепілдіктер өзгеріп және

толықтырылып отырылуы мүмкін. Мысалы, ұстау және қамау барысында қосымша кепілдік ретінде осыны жүргізген органдардың ұсталған адамның туыстарына хабарлау міндеті жүреді.

Негізгі кепілдіктер ҚР-ның Конституциясында бекітілген. Осындай құқықтық кепілдіктердің болмауы заңға декларативті сипат береді, жүзеге асырылуы аянышты нәтижелерге әкелуі мүмкін. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін аяққа басушы тоталитарлық режимнің көп жылдары жүзеге асырылуының кепілдігімен бекітілмеген норма – өмірде жүзеге асырылу нақты мүмкіндігі жоқ бос декларация екенін көрсетті және дәлелдеді.

Сонымен қатар, құқықтық реформалардың орамдары да құқық қолданудың практикасы мен құқықтың формалдылығы аса тығыз түрде өзара әрекеттесуі және байланысуы қажет деп дәлелдеген. Жүзеге асырылуының кепілдігімен – тіршілік әрекетінің негізгі себебімен нығайтылғанда ғана, құқық нормалары аяқталған және логикалық дұрыс түрге ие болады.

#### Әдебиеттер

- 1 ҚР-ның Конституциясы. Түсініктеме. Ред. басқарған Ф. Сапарғалиев.- Аударған С. Бактыгерейұлы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1999. – 424 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы N 4, 217-құжат
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат
- 4 Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий и обеспечение принципов в уголовном судопроизводстве. Диссер. на соискание ученой степени кандидата юр. наук. – Алматы, 2001. – 186 с.
- 5 Кокорев Л.Д., Лукашевич В.З. Процессуальные гарантии прав и законных интересов личности в уголовном судопроизводстве // Вестник ЛГУ. Серия 11. Экономика. Философия. Право. – Вып. 2, 1977. – №11. – С. 109-116.
- 6 Петрухин И.Л. Судебные гарантии прав личности. Актуальные вопросы борьбы с преступностью в России и за рубежом. Вып.8. – М., 1992. – 94 с.
- 7 Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. – Том 1: Основные положения науки советского уголовного процесса. – М.: Изд-во Наука, 1968. – Т. 1. – 467 с.
- 8 Уголовно-процессуальное право Российской Федерации: Учебник / Отв. ред. П.А. Лупинская. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 1999. – 696 с.
- 9 Уголовный процесс. Учебник для студентов юридических вузов и факультетов (с источниками нормативных материалов, образцами процессуальных документов, схемами и ...) / под ред. К.Ф. Гуценко. – М.: Зерцало, 1999. – 586 с.
- 10 Ерешев Е.Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық. – Алматы: Өлке баспасы, 2006. – 216 б.
- 11 Мартынчик Е.Г. Гарантии прав обвиняемого в суде первой инстанции. – Кишинев: Штиинца, 1975. – 198 с.
- 12 Лукашевич В.З. Гарантии прав обвиняемого в стадиях предварительного расследования и предания суду. Автореф. дисс. канд. юр. наук. – Л., 1967. – 19 с.
- 13 Куцова Э.Ф. Гарантии прав личности в советском уголовном процессе – М.: Юр.лит, 1973. – 151 с.
- 14 Төлеубекова Б.Қ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2000. – 416 б.
- 15 Ахпанов А.Н. Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования. – Алматы: Жеті-Жарғы, 1997. – 176 с.
- 16 Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальное принуждение: гарантии, принципы, реализация. – Астана: Фолиант, 2001. – 160 с.
- 17 Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве. – Алматы, 2005. – 120 с.

### References

- 1 KR-nyn Konstitucijasy. Tusinikteme. Red. baskargan G. Sapargaliev.- Audargan S. Baktygerejuly. – Almaty: Zheti Zhargy, 1999. – 424 b.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. Konstitucija 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyk referendumda kabyldandy // Kazakstan Respublikasy Parlamentinin Zharshysy, 1996 zhyly N 4, 217-kuzhat
- 3 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk-procestik kodeksi 2014 zhyly 4 shildedegi № 231-V ҚРЗ // Kazakstan Respublikasy Parlamentinin Zharshysy, 2014 zh., № 15-I, 15-II, 88-kuzhat
- 4 Shumenova R.T. Sistema processual'nyh garantij i obespechenie principov v ugovnom sudoproizvodstve. Dissert. na soiskanie uchenoj stepeni kandidata jur. nauk. – Almaty, 2001. – 186 s.
- 5 Kokorev L.D., Lukashevich V.Z. Processual'nye garantii prav i zakonnyh interesov lichnosti v ugovnom sudoproizvodstve // Vestnik LGU. Serija 11. Jekonomika. Filosofija. Pravo. – Vyp. 2, 1977. – №11. – S. 109-116.
- 6 Petruhin I.L. Sudebnye garantii prav lichnosti. Aktual'nye voprosy bor'by s prestupnost'ju v Rossii i za rubezhom. Vyp.8. – M., 1992. – 94 s.
- 7 Strogovich M.S. Kurs sovetskogo ugovnogo processa. – Tom 1: Osnovnye polozhenija nauki sovetskogo ugovnogo processa. – M.: Izd-vo Nauka, 1968. – T. 1. – 467 s.
- 8 Ugolovno-processual'noe pravo Rossijskoj Federacii: Uchebnik / Otv. red. P.A. Lupinskaja. – 3-e izd., pererab. i dop. – M.: Jurist#, 1999. – 696 s.
- 9 Ugolovnyj process. Uchebnik dlja studentov juridicheskikh vuzov i fakul'tetov (s istochnikami normativnyh materialov, obrazcami processual'nyh dokumentov, shemami i ...) / pod red. K.F. Gucenko. – M.: Zercalo, 1999. – 586 s.
- 10 Ereshev E.E. Kylmystyk is zhyrgizu. Zhalpy bolim: Okulyk. – Almaty: Olke baspasy, 2006. – 216 b.
- 11 Martynchik E.G. Garantii prav obvinjaemogo v sude pervoj instancii. – Kishinev: Shtiinca, 1975. – 198 s.
- 12 Lukashevich V.Z. Garantii prav obvinjaemogo v stadijah predvaritel'nogo rassledovaniya i predaniya sudu. Avtoref. diss. kand. jur. nauk. – L., 1967. – 19 s.
- 13 Kucova Je.F. Garantii prav lichnosti v sovetskom ugovnom processe – M.: Jur.lit, 1973. – 151 s.
- 14 Toleubekova B.K. Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk is zhyrgizu kuckygy. Zhalpy bolim: Okulyk. – Almaty: Zheti Zhargy, 2000. – 416 b.
- 15 Ahpanov A.N. Problemy ugolovno-processual'nogo prinuzhdeniya v stadii predvaritel'nogo rassledovaniya. – Almaty: Zheti-Zharry, 1997. – 176 s.
- 16 Kapsaljamov K.Zh. Ugolovno-processual'noe prinuzhdenie: garantii, principy, realizacija. – Astana: Foliant, 2001. – 160 s.
- 17 Kanafin D.K. Garantii prav lichnosti v ugovnom sudoproizvodstve. – Almaty, 2005. – 120 s.